

Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрын жүргізу ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 шілде N 973. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.06.13. N 862 (қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1417 қаулысымен.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.09.08. N 910 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 18 шілдедегі
N 973 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін және мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесі

Ескерту. Мәтінде сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1417 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік есебін жүргізу (бұдан әрі - мемлекеттік есебін жүргізу) өзіне осы аумақтардың мәртебесі туралы, олардың географиялық жағдайы мен шекаралары, осы

аумақтарды аймақтандыру, қорғау және пайдалану режимдері, олардағы мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сапа және сан жағынан өзгеруі туралы мәліметтер жинауды қамтиды.

2. Мемлекеттік есепке алуға белгіленген тәртіппен құрылған, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жатады.

Мемлекеттік есепке алуды табиғатты қорғау мекемелері мен қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар уәкілетті органдар және есеп құжаттамасының бірыңғай нысандары мен оларды толтыру жөніндегі әдістемелік көрсеткіштері бойынша жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік есеп жүргізу ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрлері бойынша 2003 жылдан бастап, дүркінділігі бес жылда бір рет, ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша жүзеге асырылады.

4. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры (бұдан әрі - мемлекеттік кадастр) осы аумақтар туралы үнемі жаңартылып отыратын мәліметтер бар ресми құжат болып табылады және табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларының құрамдас бөлігі болып табылады.

5. Мемлекеттік кадастр мемлекеттік органдарды, мүдделі заңды және жеке тұлғаларды ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жай-күйін бағалау және болжау, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар желісін дамыту мен орналастыру бағдарламасын әзірлеу, мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы дауларды шешу үшін ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры ақпаратты сақтаудың жүйелі нысандарын пайдалана және табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларымен сәйкестендірілген қағидатын сақтай отырып, бірыңғай ережелер бойынша жүргізіледі.

2. Мемлекеттік есепті жүргізу бойынша есеп құжаттамасы

7. Есеп құжаттамасының тізбесін, оның нысандарын және оларды толтыру жөніндегі әдістемелік нұсқамаларды ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган әзірлейді.

Есеп құжаттамалары белгіленген тәртіппен бекітуге жатады.

8. Ерекше қорғалатын әрбір табиғи аумақ жөніндегі мемлекеттік есеп жүргізу нәтижелері бойынша болған өзгерістерді есепке ала отырып, белгіленген үлгідегі паспортқа өзгеріс енгізіледі.

9. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың есеп құжаттамасы мен паспорттары мемлекеттік кадастрдың құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың есебін жүргізу құжаттамаларын бекіту және паспорттарын қайта тіркеу

10. Қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар уәкілетті органдар мемлекеттік есеп жүргізуді ұйымдастырады және мемлекеттік есеп жүргізу мәліметтерін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органға ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1417 қ а у л ы с ы м е н .

11. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі есеп құжаттамасын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган ол келіп түскен күннен бастап бір ай ішінде қарайды.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган есеп құжаттамасын пысықтауға жіберуге немесе есеп құжаттамасында баяндалған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына тексеру тағайындай алады. Көрсетілген жағдайларда есеп құжаттамасын қарау және бекіту мерзімдері үш айға дейін ұзартылады.

12. Есеп құжаттамасы бекітілгеннен кейін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган он күндік мерзімде әрбір ерекше қорғалатын табиғи аумақ бойынша паспорттарды қайта тіркеуді жүзеге асырады және оларды сол аумақтар өз қарамағындағы уәкілетті органдарға береді.

13. Ерекше қорғалатын әрбір табиғи аумақ бойынша бекітілген есеп құжаттамасы мен тіркелген паспорттың бір данасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органда тұрақты сақталады.

4. Мемлекеттік есеп жүргізу нәтижелері бойынша ұсыныстар енгізу

14. Мемлекеттік есеп жүргізу нәтижелері бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган ұсыныстар әзірлеп, оларда:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесінің немесе санатының өзгеруі не оларды ерекше экологиялық, ғылыми, мәдени және өзге құндылығын жоғалту с е б е б і б о й ы н ш а т а р а т у ;

жергілікті, республикалық және халықаралық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбелеріндегі өзгерістер мен толықтырулар;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар алаңының ұлғаюы немесе азаюы;

ерекше қорғалатын табиғи аумақты күзетудің құқықтық режимінің өзгеруі және күзетілетін аумақтарды белгілеу;

ерекше қорғалатын табиғи аумақта қорғау іс шараларын, мемлекеттік табиғи-қорық қорын қалпына келтіру жөніндегі және осы аумақты белгіленген мақсаттарға одан әрі пайдалану жөніндегі іс-шараларын жүргізу қамтылады.

15. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік есеп жүргізу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне, орталық атқарушы органдарға және олардың құзыретіне сәйкес облыстық (республикалық маңызы бар қала) әкімияттарға ұсыныстар енгізеді.

5. Мемлекеттік кадастрды жүргізуді ұйымдастырушы мемлекеттік орган

16. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

17. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган: ерекше қорғалатын табиғи аумақтар қарамағына алынған орталық атқарушы органдармен келісім бойынша, сондай-ақ жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық атқарушы органымен келісім бойынша және мемлекеттік кадастрды жүргізу жөніндегі бірыңғай нұсқаулар мен әдістемелерді әзірлейді және бекітеді;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жөніндегі ақпаратты жаңғырту мен сақтауды, оны алу құқығын республикалық деңгейде іске асырады және қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

орталық атқарушы органдар мен облыстық (қалалық) әкімияттарға мемлекеттік кадастрды жүргізуге арналған жұмыстарды жүргізу туралы орындалуға міндетті нұсқамалар береді, оларды өз құзыреті шегінде келіседі ж ә н е ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

мемлекеттік кадастр деректерін алудың, өңдеу мен сақтаудың автоматтандырылған тәсілдерін енгізуді және оларды табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларының мәліметтерімен үйлесуін қамтамасыз етеді;

мемлекеттік кадастрдың басып шығарылуын ұйымдастырады; мемлекеттік кадастр мәліметтерінің толықтығы мен дұрыстығына бақылауды жүзеге асырады және жауапты болады.

6. Кадастрлық құжаттама

18. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастры олардың базалық құжаттарынан тұрады, олар:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың есеп жүргізу құжаттамасы мен п а с п о р т т а р ы ;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың әрқайсысы бойынша кадастрлық іс; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың облыстық және республикалық мемлекеттік кадастрлық кітаптары;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың облыстық және республикалық кадастрлық карталары болып табылады.

19. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әрқайсысы бойынша кадастрлық і с к е :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстар (республикалық маңызы бар қала) әкімдіктерінің ерекше қорғалатын табиғи аумақты құру туралы шешімдері, күзетілетін аймақтардың көлемі, шекарасы және пайдалану режимі;

ерекше қорғалатын табиғи аумақ құрудың табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемесі;

ерекше қорғалатын табиғи аумақ құрудың табиғи-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемесіне мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы;

ерекше қорғалатын табиғи аумақ паспорты және оның шекараларының жер ресурстарын басқару жөніндегі органдар куәландырған жоспары (сызбасы);

табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрларында (жер, су, орман, жануарлар дүниесі, кеніштер және пайдалы қазбалар көріністері) ерекше қорғалатын табиғи аумақтың көрсетілгені туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың анықтамалары;

ерекше қорғалатын табиғи аумақта анықталған мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің толық тізбелері енгізіледі.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.12.29. N 1417 қаулысымен.

20. Облыстық және республикалық мемлекеттік кадастрлық кітаптар әрбір облыста және республикада олардың түрлері бойынша заңда белгіленген тәртіпке сәйкес құрылған ерекше қорғалатын табиғи аумақтың барлығы көрсетілетін құжаттар болып табылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақты кадастрлық кітаптарға жазу кезінде белгіленген тәртіппен оған осы аумақ бар кезде сақталатын жеке және қайталанбайтын кадастрлық нөмір беріледі. Осы нөмірмен осы аумаққа жүргізілетін кадастрлық іс те бірдейлендіріледі.

21. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың республикалық және облыстық карталары осы аумақтардың және олардың күзету аймақтарының орналасқан жерлерін, көлемі мен шекараларын көрнекі бейнелеу мақсатында жасалады және жүргізіледі.

22. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың түрлері бойынша кадастрлық құжаттаманың құрылымы, мазмұны, нысандары, оны жүргізу жөніндегі нұсқаулар мемлекеттік кадастрды жүргізу жөніндегі бірыңғай нұсқаулар мен әдістемелерде бейнеленеді.

7. Мемлекеттік кадастрды жүргізу шарттары

23. Мемлекеттік кадастрды жүргізуде мыналар қамтылады:

дайындық жұмыстары;
бастапқы деректерді жинау мен өңдеу;
геоақпараттық жүйелер құру.

Мемлекеттік кадастрды жүргізу үшін көрсетілген жұмыстарды орындау әдістемесін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар уәкілетті органдармен және жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық атқарушы органымен келісім бойынша бекітеді.

24. Мемлекеттік кадастр қағаз бетіне жазылады және ақпарат жинаудың, өңдеудің және сақтаудың электрондық жүйелерін пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін.

Мемлекеттік кадастрды автоматтандырылған жүргізу кезінде картографиялық негіз, көшірмені қағаз бетінде түсіре отырып, геоақпараттық технологиялар қолданылатын электронды карта түрінде қалыптасады.

Мемлекеттік кадастрдың автоматтандырылған ақпараттық жүйелері мамандандырылған бағдарламалық-техникалық кешен базасында жасалады, оның қалыптасу тәртібін ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

25. Қарамағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар уәкілетті органдар:

мемлекеттік кадастрды жүргізуге арналған жұмыстарды нұсқамаларға сәйкес және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жүргізуге;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бойынша, кадастрлық құжаттамаға енгізілуге жататын өзгерістер туралы мәліметтерді табыс етуге міндетті.

26. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ, егер, белгіленген нақты шекарасы бар болса және өзіне кадастрлық іс ашылған болса, түпкілікті қалыптасқан деп саналады.

8. Мемлекеттік есеп жүргізудің және мемлекеттік кадастрдың нәтижелері туралы ақпарат

27. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік есеп жүргізу нәтижелері бойынша ақпараттық шолуды құрастырады.

28. Ақпараттық шолу ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган бекіткен олардың тізбесі бойынша міндетті түрде жіберуге жатады.

29. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік кадастрды кезеңімен он жылда бір рет мемлекеттік тілде және орыс тілдеріндегі мәтіндері бірдейлендіріліп безендірілген жеке кітап түрінде басып шығарады.

Басып шығарылатын мемлекеттік кадастрда әрбір ерекше қорғалатын табиғи

аумақ бойынша мынадай мәліметтер:

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы мен маңызы, құрылған жылы, кадастрлық нөмірі, осы аумақ өз қарамағындағы табиғат қорғау мекемесінің немесе органының атауы мен мекен-жайы;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың карта-сызбасымен орналасқан жері, шекаралары мен алаңының сипаттамасы, онда бөлінген аймақтар мен оларды күзету режимі;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың күзету аймақтарының орналасуы және оны пайдалану режимі;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің республикалық және халықаралық маңызы бар осы объектілер бойынша өткен он жыл ішіндегі сандық көрсеткіштерінің динамикасы мен тізбелері;

ерекше қорғалатын табиғи аумақта мемлекеттік табиғи-қорық қорын қорғау мен ұдайы өндіріс жөнінде өткен он жыл ішінде орындалған негізгі іс шаралар;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтың өткен он жыл ішіндегі ғылыми, мәдени-ағарту, оқу, туристік және рекреациялық, шектеулі шаруашылық мақсаттарда пайдаланылуы туралы негізгі мәліметтер;

ерекше қорғалатын табиғи аумақ жай-күйінің бағасы мен болжамы; ерекше қорғалатын табиғи аумақтың қызметін жақсарту жөнінде ұсынылатын іс шаралар; ақпарат көздері келтіріледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мемлекеттік кадастрының материалдары жариялауға жатады.

9. Мемлекеттік есепті және кадастрды жүргізуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру

30. Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға мемлекеттік есеп жүргізу республикалық бюджет қаражатынан, ал жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар - жергілікті бюджеттер қаражатынан қаржыландырылады.

31. Мемлекеттік кадастрды жүргізу республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады.